

Жарнама объектілерінде сыртқы көрнекі жарнаманы орналастыруға ставкаларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2008 жылғы 14 наурыздағы № 46 шешімі. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 7 сәуірде № 9-13-63 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2009 жылғы 21 тамыздағы № 177 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 21.08.2009 № 177 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 491-бабының 2)-тармағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына сәйкес Қарасу аудандық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Жарнама объектілері бойынша көрнекі жарнаманы орналастыруға ставкалары мынадай мөлшерде белгіленсін:

жергілікті маңызды ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде және елді мекендерде орналастыратын жылжымайтын нысанылар және жылжымалы нысаныларына жарнама – 100 % айлық есептік көрсеткіштегі айына бір шаршы метрге жарнама көлемі.

2. "Жарнама объектілерінде сыртқы көрнекі жарнаманы орналастыруға ставкаларды белгілеу туралы" Қарасу аудандық мәслихатының 2007 жылғы 16 қаңтардағы № 241 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2007 жылғы 8 ақпандағы 9-13-27 мемлекеттік тіркеу нөмірі, аудандық газеті "Қарасу өңірі" 2007 жылғы 16 ақпандағы № 7).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасу ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы Шоқметов Ғалымбек Қабдешұлына жүктелсін.

4. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Қарасу аудандық мәслихатының	
кезектен тыс сессиясының төрайымы	С. Нәзкеева
	Қарасу аудандық
мәслихатының хатшысы	В. Невзоров
Келісілді	

*"Қарасу ауданы бойынша
салық комитеті" мемлекеттік
мекемесінің төрағасы*

_____ *Ғ. Шоқметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК